



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 16 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З І  
2011 жылғы 29 маусым**

***«Қазақстанның қалалары» монеталар  
сериясынан «Ақтөбе» ескерткіш  
монетасын айналысқа шығару туралы***

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі республиканың қалаларына арналған номиналы 50 теңгелік «Қазақстанның қалалары» монеталар сериясын шығара бастағанын қосымша хабарлайды. Бұл серияның ескерткіш монеталары кәдімгі айналыста жүретін 50 теңгелік монеталарға ұқсас сипаттамаларымен соғылады. Монеталардың бет жағында (аверсінде) номиналдың белгіленуі, сырт жағында (реверсінде) монета арналған қаланың елтаңбасы бейнеленеді. Бұл серияның монеталары қалалардың атаулары бойынша алфавит тәртібімен шығарылады. Сериядағы монеталардың жалпы саны Астана және Алматы қалаларын қоса алғанда облыс орталықтарының саны бойынша 16 дана.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының № 2155 Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы сериядан «Ақтөбе» ескерткіш монетасын айналысқа шығарды. Монета ақ түсті «нейзильбер» қоспасынан жасалған, диаметрі 23 мм және массасы 4,71 грамм. «Ақтөбе» монетасының таралымы 50 мың дана.

Монетаның бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «50 ТЕНГЕ» деген жазу орналасқан. Жоғарғы бөлігінде ою-өрнекті сегіз бұрышты розетка, төменгі бөлігінде – ұлттық ою-өрнек элементі. Номиналдың оң жағында «ҚҰБ» аббревиатурасы орналасқан. Айналысқа шығынқы жиек жүргізілген. Монетаның сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Ақтөбе қаласының елтаңбасы бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, монетаның соғылған жылын білдіретін «2011» деген сан және шығынқы жиек жүргізілген. Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерленіп жазылған. Қыры (гурт) бедерлі.



Номиналы 50 теңгелік осы ескерткіш монета Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен қаржы операцияларының барлық түрлері бойынша қабылдануға міндетті.

Осы монетаның жалпы таралымының бір мың данасы «Қазақстанның қалалары» барлық сериясына арналған арнайы альбомдарында сатылады. Тағы бір мың данасы арнайы пластикалық термовакуумды ораумен сатылады. Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында сатып алуға болады.

*Неғұрлым нақты ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2 704 639, +7 (727) 2 596 801; E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz) ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz))*